**Базалық лауазымдық жалақының мөлшерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 1607 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы* N 1400 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет және мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы 4-тармағының 1) тармақшасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

*Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41* қаулысымен .

1. 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

коэффициенттерді қолдана отырып, лауазымдық жалақыларды және әскери атақтар бойынша жалақыларды, арнаулы атақтар мен сыныптық шендер үшін қосымша ақыларды; сондай-ақ қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстеме ақыларды;

коэффициенттерді қолдана отырып, лауазымдық жалақыларды (ставкаларды), сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлерінің еңбек жағдайы үшін қосымша ақы мен үстемеақыларды есептеу үшін алынатын базалық лауазымдық жалақының мөлшері 5060 теңге деңгейінде белгіленсін.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41* қаулысымен .

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК